

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1212 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасында клирингті жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2000 жылғы 16 маусымдағы N 273 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі Басқармасының 2004 жылғы 27 ақпандағы N 27 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 6 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 2796. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 262 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2015 № 262 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерін Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес келтіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасында клирингті жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2000 жылғы 16 маусымдағы N 273 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1212 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" басылымдарында 2000 жылғы 31 шілде - 13 тамызда жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасында банкаралық клирингті жүзеге асыру және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға банкаралық клиринг жүргізуге лицензия беру ережесін бекіту туралы";

1-тармақтағы "Қазақстан Республикасында банкаралық клирингті жүзеге асыру ережесі" деген сөздер "Қазақстан Республикасында банкаралық клирингті жүзеге асыру және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға банкаралық клиринг жүргізуге лицензия беру ережесі" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың 1) және 2) тармақшаларындағы және 3-тармақтағы "және Қазақстан Республикасында клирингті жүзеге асыру ережесі" деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында клирингті жүзеге асыру ережесінде:

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасында банкаралық клирингті жүзеге асыру және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға банкаралық клиринг жүргізуге лицензия беру ережесі";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Ереже "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы", "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы", "Ақша төлемі мен аударымы туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына және соларға сәйкес қабылданған Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының аумағында банкаралық клирингті жүзеге асыру тәртібін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға банкаралық клиринг жүргізуге лицензия беру тәртібін айқындайды.";

2 - т а р м а қ т а :

екінші абзацтағы "клиринг" деген сөз "банкаралық клиринг" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"клирингтік ұйым - уәкілетті орган берген банкаралық клирингті жүргізуге лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк (бұдан әрі - банк) немесе банкаралық клирингті жүргізуге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - Ұлттық Банк) банкаралық клирингті жүргізуге лицензиясы бар (бұдан әрі - банкаралық клиринг жүргізу лицензиясы) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым (бұдан әрі - ұйым);";

төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші абзацтардағы "клирингтің", "клиринг" деген сөздер "банкаралық клирингтің", "банкаралық клиринг" деген сөздермен ауыстырылсын;

сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"есеп айырысу ұйымы - "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорны";

тоғызыншы абзацтағы "клирингтің" деген сөз "банкаралық клирингтің" деген сөздермен ауыстырылсын;

оныншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"банкаралық клиринг қатысушылары - клирингтік ұйымның банкаралық клирингте өңделетін төлем құжаттарын жіберетін және/немесе алатын клирингтік ұйыммен банкаралық клирингке қатысуға шарт жасасқан банктер мен ұйымдар. Клирингтік ұйым сондай-ақ банкаралық клиринг қатысушысы бола алады;"

он бірінші абзацтағы "клирингтің" деген сөз "банкаралық клирингтің" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Ұлттық Банктің ұйымдарға банкаралық клирингті жүргізуге
лицензия беру тәртібі

3. Клирингтік ұйым банкаралық клирингті Ұлттық Банк немесе уәкілетті орган берген тиісті лицензия негізінде, банкаралық ақша аударымдары жүйесінің пайдаланушысы деген мәртебесі болған жағдайда жүзеге асырады.

4. Ұйым банкаралық клирингті жүргізуге лицензия алу үшін Ұлттық Банкке мынадай құжаттарды береді:

1) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабының 2-тармағындағы талаптардың орындалғанын растайтын құжаттар. Сонымен бірге ұйымның жарғылық капиталды төлеуі бастапқы төлем құжаттарымен (төлем тапсырмалары, кассалық кіріс ордерлері) расталады;

2) "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабында көзделген құжаттар;

3) әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткізілген Жарғының және құрылтай шартының нотариат куәландырған көшірмелері (мемлекеттік және орыс тілдерінде);

4) ұйымның атқару органының басшысы және бас бухгалтері туралы мәліметтер: аты-жөні, азаматтығы, мекен-жайы, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын мәліметтер;

5) ұйымның егжей-тегжейлі ұйымдық құрылымы;

6) бағалы қағаздар рыногын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган тіркеген бағалы қағаздарды шығару және орналастыру қорытындылары туралы есептің нотариат куәландырған көшірмесі (егер ұйым акционерлік қоғам нысанында құрылса);

7) банкаралық клирингті жүргізуге лицензия алудың экономикалық негіздемесіне мыналар кіреді:

банкаралық клирингтің мақсаты және жүргізу қажеттігінің негіздемесі;
банкаралық клирингті жүргізу аймағы;
банкаралық клирингке қатысушылардың болжамды саны;
банкаралық клирингте жүзеге асырылатын төлемдердің болжамды саны;
банкаралық клиринг жүргізу тиімділігін есептеу;

8) банкттердің және клирингтік ұйым ұйымдарының банкаралық клирингке қатысуға берген алдын ала жазбаша келісімі;

9) клирингтік ұйымның жоғары басқару органы бекіткен, банкаралық клирингті жүргізудің ішкі ережесіне (бұдан әрі - ішкі ережелер) мыналар кіреді:
клирингтік ұйымның операциялық күнінің сипаты және оның ұзақтығы;
төлем құжаттарымен алмасу тәсілдері;
банкаралық клирингке қатысушылардың таза позицияларын айқындау тәртібі ;

банкаралық клирингті жүзеге асыру және банкаралық клиринг нәтижесі бойынша ақша аудару кезінде қолданылатын тәуекелдерді басқару әдістері;
банкаралық клиринг нәтижесі бойынша ақша аударымдарын жүзеге асыру тәртібі және мерзімдері ;
клирингтік ұйымның, есеп айырысу ұйымының және банкаралық клиринг қатысушыларының құқықтары мен міндеттері;

10) банкаралық клиринг қатысушыларымен жасалатын үлгі шарт;

11) банкаралық клирингті жүргізу барысында пайдаланылатын, бағдарламалық-техникалық құралдар туралы мәліметтерге мыналар кіреді:
пайдаланылатын телекоммуникация желілері;
төлем құжаттарын өткізу рәсімдері;

банкаралық клирингті жүргізу және ақпаратты санкцияланбаған кіруден қорғау үшін пайдаланылатын бағдарламалық қамтамасыз ету;
бағдарламалық-техникалық құралдарда іркілістер туындаған жағдайларда немесе банкаралық клирингті жүзеге асыру кезінде өзге де көзделмеген жағдайларда банкаралық клирингті уақтылы аяқтауды қамтамасыз ететін р ә с і м д е р .

5. Ұлттық Банк банкаралық клирингті жүргізуге лицензия беру туралы өтінішті барлық қажетті құжаттар ұсынылған күннен бастап бір ай ішінде қ а р а й д ы .

Құжаттардың толық емес пакеті ұсынылған жағдайда Ұлттық Банк жетіспейтін құжаттарды сұратады не алынған құжаттар пакетін қарамастан өтініш берушіге қайтарады. Ұсынылған құжаттар пакетін қайта қарау мерзімі олар алынған күннен бастап есептеледі.

6. Ұйымға банкаралық клирингті жүргізуге лицензия Ұлттық Банк Басқармасының қаулысы негізінде уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша беріледі.

7. Ұйымға мынадай жағдайларда: ұсынылған құжаттар осы Ереженің 4-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келмесе;

егер ұсынылған құжаттарда мақсаттар, қажеттілікті негіздеу, банкаралық клирингті жүргізу тәртібі, сондай-ақ бағдарламалық-техникалық құралдарды пайдалану сипаты мен рәсімдері айқын жазылмаса, банкаралық клирингті жүргізуге лицензия беруден бас тартылады.

7-1. Банкаралық клирингті жүргізуге лицензия беруден бас тартылған кезде ұйымға жазбаша түрде, лицензия беру үшін белгіленген мерзімдерде дәлелді жауап жіберіледі.

7-2. Ұлттық Банк осы Ереженің 1-қосымшасында белгіленген нысан бойынша берілген, қайта ресімделген, қолданылуы тоқтатыла тұрған және қайтарылып алынған лицензиялардың тізілімін жүргізеді.

7-3. Лицензияның түпнұсқасы жоғалған жағдайда, Ұлттық Банк лицензияның дубликатын береді.

Бұл ретте осы Ереженің 4-тармағында көзделген құжаттарды қайтадан ұсыну осы жағдайда талап етілмейді.

7-4. Дубликат беруді, сондай-ақ ұйымға банкаралық клирингті жүргізуге лицензияны қайта ресімдеуді Ұлттық Банк ұйымның өтініші бойынша, "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабында белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге асырады.

7-5. Ішкі ережелерге клирингтік ұйым енгізетін өзгерістер мен толықтырулардың Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкестігін тексеру үшін олар алдын ала Ұлттық Банкке жіберілуі тиіс.

7-6. Ұлттық Банк ішкі ережелерге келіп түскен өзгерістер мен толықтыруларды он жұмыс күн ішінде қарап шығып, қарау нәтижелері туралы клирингтік ұйымға хабарлайды.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Банктер мен ұйымдар клирингтік ұйыммен банкаралық клирингке қатысу шартын жасағаннан кейін банкаралық клиринг қатысушысы мәртебесін алады.";

9-11-тармақтардағы "клирингтің" деген сөз "банкаралық клирингтің" деген сөздермен ауыстырылсын;

12-тармақтағы "қағаз жазбамен де, электронды тәсілмен де жүзеге асыруға болады" деген сөздер "электрондық тәсілмен жүзеге асырады" деген сөздермен ауыстырылсын;

13-18-тармақтардағы "клирингтің", "клирингке" деген сөздер тиісінше "банкаралық клирингтің", "банкаралық клирингке" деген сөздермен ауыстырылсын;

19-тармақ алынып тасталсын;

20-21-тармақтардағы "клирингтің" деген сөз "банкаралық клирингтің" деген сөздермен ауыстырылсын;

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Банкаралық клиринг қатысушылары арасында банкаралық клиринг нәтижелері бойынша ақша аудару есеп айырысу және клирингтік ұйымдар арасындағы шартта тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, есеп айырысу ұйымында ашылған клирингтік ұйымның шоты арқылы есеп айырысу ұйымында жүзеге асырылады.";

23-тармақтағы "клирингтің" деген сөз "банкаралық клирингтің" деген сөздермен ауыстырылсын;

24-тармақ алынып тасталсын;

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Банкаралық клиринг нәтижелері бойынша ақша аудару банкаралық ақша аудару жүйесінде Ұлттық Банктің ақша аударуды жүзеге асыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады. Бұл ретте банкаралық клиринг нәтижелері бойынша ақша аудару:

1) клирингтік ұйым жасаған төлем құжаттары негізінде жүзеге асырылуы м ү м к і н .

Мұндай жағдайда клирингтік ұйым банкаралық клиринг нәтижелері бойынша дебеттік таза позициялары бар банкаралық клиринг қатысушыларының шоттарынан ақша алуға және есеп айырысу ұйымындағы өзінің шотына ақша есептеуге төлем құжаттарын жасайды.

Сонымен бірге банкаралық клиринг нәтижелері бойынша ақша аударымын жүзеге асыру үшін банкаралық клиринг қатысушыларының шоттарынан ақша алу клирингтік ұйым мен банкаралық клиринг қатысушысының арасында жасалған банкаралық клиринг қатысушысының шотынан ақшаны акцептемей алуға келісімі бар шарт негізінде ғана жүзеге асырылады.

Бір мезгілде, клирингтік ұйым өзінің шотынан ақша алуға және банкаралық клиринг нәтижелері бойынша кредиттік таза позициялары бар банкаралық клиринг қатысушыларының шоттарына ақша есептеуге төлем құжаттарын ж а с а й д ы ;

2) есеп айырысу ұйымы жасаған төлем құжаттарының негізінде жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Мұндай жағдайда клирингтік ұйым есеп айырысу ұйымына банкаралық клиринг қатысушыларының таза позициялары туралы ақпарат жібереді, есеп айырысу ұйымы соның негізінде банкаралық клиринг нәтижелері бойынша ақша аударуды жүзеге асыру үшін төлем құжаттарын жасайды.

Есеп айырысу ұйымы банкаралық клиринг нәтижелері бойынша дебеттік таза позициясы бар банкаралық клиринг қатысушыларының шоттарынан ақша алуға және есеп айырысу мен клирингтік ұйымдар арасында, сондай-ақ есеп айырысу ұйымы мен банкаралық клиринг қатысушысы арасында жасалған шартқа сәйкес клирингтік не есеп айырысу ұйымының шотына ақша есептеуге төлем қ ұ ж а т т а р ы н ж а с а й д ы .

Бір мезгілде, есеп айырысу ұйымы клирингтік не есеп айырысу ұйымының шотынан ақша алуға және есеп айырысу мен клирингтік ұйымдар арасында, сондай-ақ есеп айырысу ұйымы мен банкаралық қатысушысы арасында жасалған шартқа сәйкес банкаралық клиринг нәтижелері бойынша кредиттік таза позициялары бар банкаралық клиринг қатысушыларының шоттарына оларды есептеуге төлем құжаттарын жасайды.";

26-тармақ алынып тасталсын;

27-39-тармақтардағы "клирингтің" деген сөз "банкаралық клирингтің" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тарау мынадай мазмұндағы 40-1 - 40-5-тармақтармен толықтырылсын:

"40-1. Осы Ереже талаптарының сақталуын бақылау мақсатында Ұлттық Банк банкаралық клирингті жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін жоспарлы және жоспардан тыс тексеруді жүзеге асырады.

40-2. Осы Ережеде белгіленген талаптардың бұзылуы анықталған жағдайда Ұлттық Банк банкаралық клирингті жүргізу лицензиясын қолдануды алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұрады. Ұлттық Банк Басқармасының лицензияны қолдануды тоқтата тұру туралы қаулысында лицензияны қолдануды тоқтата тұрудың негізі және мерзімі көрсетіледі.

40-3. Банкаралық клирингті жүргізу лицензиясын қолдану тоқтатыла тұрған жағдайда, ұйым Ұлттық Банкке банкаралық клиринг жүргізу лицензиясын қолдануды тоқтата тұру себептерін жою үшін өздері қабылдаған шаралар туралы

х а б а р л а й д ы .

40-4. Ұлттық Банк банкаралық клирингті жүргізу лицензиясын қолдануды тоқтата тұру үшін негіз болып табылған заң бұзушылықтардың жойылғаны туралы ақпаратты растайтын тексеруді жүзеге асырғаннан кейін Ұлттық Банк Басқармасының тиісті қаулысы негізінде лицензияны қолдану жаңартылады.

40-5. Анықталған заң бұзушылықтар белгіленген мерзімдерде жойылмаған жағдайда, Ұлттық Банк банкаралық клирингті жүргізуге берілген лицензияны қайтарып алады.";

мынадай мазмұндағы 1-қосымшамен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасында банкаралық клирингті жүзеге асыру және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға банкаралық клиринг жүргізуге лицензия беру е р е ж е с і н е

1-қосымша

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға банкаралық клирингті жүргізуге берілген, қолданылуы тоқтатылған, қайтарып алынған лицензияларды есепке алу тізілімі

Ли.		Лицен.		Лицензия.		Лицен.		Лицензия.		Лицензияның		
цен.		Ұйым.		зияның		ны беру		зияда		ның		қайтарып
зия.		ның		берілген		(қайта		көзделген		қайтарып		алыну,
ның		атауы		(қайта		ресімдеу)		операция.		алынған,		қолданылуының
N		ресімдел.		негіз.		лардың		қолданылуы		тоқтатылу		
		ген)		күні		демесі		тізбесі		тоқтатыл.		негіздемесі
										ған		күні

".

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді.

3. Клиринг операцияларын жүргізуге лицензиясы бар банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар осы қаулы қолданысқа енген күннен бастап отыз күндік мерзімде оларды осы қаулының талаптарына сәйкес келтіру мақсатында қажетті іс-шаралар жүргізісін.

4. Төлем жүйесі басқармасы (Мұсаев Р.Н.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне және аумақтық филиалдарына, екінші деңгейдегі банктерге және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде корреспонденттік шоттары бар банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға жіберсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.Р.Елемесовке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы